в 1928 году сократилось до 965 тыс. в 1932-м. Из конского поголовья в 3 млн. 516 тыс. голов (1928 г.) было вырезано и пало 3 млн. 200 тыс. До начала Великой Отечественной войны восстановить даже половину уровня 1928 года животноводству Казахстана не удалось.

Размещение в республике огромного числа лагерей, которые концентрировались преимущественно в зоне больших промышленных строек (например, Караганда, Экибастуз) было не случайным. Стране требовался уголь и металл. Дармовой труд сотен тысяч заключенных на сооружении промышленных гигантов Караганды и других будущих индустриальных центров был удачным решением этой задачи. массовые репрессии стали эффективной частью политики индустриализации, так как позволили в рекордно короткие сроки осуществить колоссальные промышленные проекты. «Как экономический субъект ГУЛАГ был одним из самых эффективных проектов XX века», — пишет об этом Н. Абдыкаримов. — Труд огромных масс заключенных позволил ресурсами ГУЛАГа за каких-нибудь пять-шесть лет сделать то, на что при цивилизованных экономических методах потребовались бы десятилетия».

И еще одна неправда. Казахский народ не шел безропотно на заклание, как стадо баранов. Массовые протестные настроения вылились в 372 восстания, в которых в 1929–1931 годах участвовало более 80 тысяч человек. За участие в крупных восстаниях и волнениях в 1923–1931 гг. только органами ОГПУ осуждено 5551 человек, из которых 883 расстреляно.

Я — ВРАГ ВРАГОВ МОЕГО НАРОДА...

Тиранам всех времен известно одно правило — чтобы превратить народ в безропотную толпу, необходимо его обезглавить, истребив наиболее достойных его сыновей. 30–40-е годы отмечены тотальным уничтожением цветка казахской интеллигенции. В маховик репрессий попали общественные деятели, ученые, писатели, поэты, акыны, деятели культуры, искусства, образования. Ильяс Жансугуров, Беимбет Майлин, Магжан Жумабаев, Халел Досмухамедов, Арап Амиров... По обвинению в «фашизме» арестовали М. Гатауллину, А. Асылбекова, С. Нурпеисова, К. Сарымлдаева, У. Кулумбетова, Г. Тогжанова, Т. Рыскулова, Н. Нурмакова, А. Букейханова, С. Ходжанова и многих других

в и д н ы х

Экономическая подоплека репрессий очевидна. СССР 30-х годов XX века был огромной страной с огромной плотностью населения и преимущественно аграрной ориентацией. Последнее напрямую относилось к обширным пространствам, хорошим климатическим условиям, богатым природными ресурсами. Экономическая переоценка крайне неблагоприятная. Цель «догнать и перегнать» была для этого крайне важна. Быстро ли без больших затрат перебраться огромные людские массы в малонаселенные районы, подобные Казахстану, и использовать дармовой труд на масштабных проектах.

Алексей Иконников

рождать с нуля. В течение первой пятилетки (1928–1932) удельный вес республики в производстве зерна по СССР упал с 9 до 3 процентов. Поголовье КРС 6 млн. 509 голов

представителей интеллигенции. Сейчас, спустя многие десятилетия, вызывает гордость то достоинство, с

которым наша национальная интеллигенция держалась со сталинскими приспешниками. Приведем лишь один пример. В августе 1937 г. судили руководителей Каркаралинского округа. Среди обвиняемых был Мансур Гатауллин, которому предстояло последнее слово. Он показал рукой на своих товарищей, сидящих на скамье подсудимых: «Это не враги народа. Враг я. Меня и судите. Одного. Но я тоже не враг народа, а враг врагов народа. А стал я этим врагом в 1932 г., когда приехал по командировке в Кентский район. Выхожу из машины — никого и ничего вокруг, одна длинная база для скота стоит. Открываю дверь, а там трупы. Все огромное помещение — в штабелях трупов. У некоторых людей глаза еще открыты, но видно: с минуты на минуты умрут. Я вышел обратно. А на улице крики. Безумные расстрепанные женщины с ножами набросились на шофера, пытаются его зарезать. Я выстрелил в воздух, они разбежались. Пригляделся, а неподалеку очаг, большой казан на огне. Варится что-то. Приоткрыл крышку, — а там, булькающей воде, то ножка мелькнет, то ручка, то детская пятка... Вот тогда я и стал врагом врагов моего народа»...

Власть, лишая общество его элиты, стремилась построить нравственно-идеологическую альтернативу вековому культурно-нравственному наследию. Фетиш «советского счастья», якобы пришедшего на смену буржуазно-националистическим пережиткам прошлого, должен был заменить в сознании новых поколений истинное, то, что составляло сущность народной (как национальной, так и наднациональной) самоидентификации. В долговременной перспективе это вело к формированию новой «расы», именуемой гомо советикус.

К сожалению, до сих пор трудно найти добротное исследование по истории героической «Алаш Орды». Незаслуженно забытыми оказываются многие славные фамилии, в том числе, к примеру, первые наркомы Казахской АССР — люди, строившие в начале прошлого века молодое государство. Сегодня мало кто знает, например, о Биляле Сулееве, нарком просвещения Каракалпакии. А ведь стараниями Биляла Сулеева в Семиречье создавались первые школы, был открыт учительский институт в Семипалатинске. Благодаря другому семиреченцу — Ильясу Джансунгурову — поднималась и развивалась казахская литература. Оба выпускника школы Мамани в Капале были репрессированы и расстреляны. И сегодня, несмотря на их посмертную реабилитацию, о них знают преступно мало, хотя эти люди внесли большой вклад в народное просвещение.

Мы помним, но все же наша историческая память, наверное, должна быть более деятельной. В отечественной истории нет даты более высокой в своей скорби, более пронзительной по своему эмоциональному накалу, чем 31 мая. Погибши от репрессий и замученным голодом наши почести не нужны. Эта память нужна больше нам, ныне живущим. Только пережив потрясения, катарсис от соприкосновения с прошлым — когда в горле ком от прочитанного — наши дети поймут настоящую цену Независимости Казахстана, вырастут патриотами своей страны.

Конференция

6

ГАЗЕТ – ХАЛЫҚТЫҢ КӨЗІ,

Университет совместно с клубом главных редакторов области и отделением Союза журналистов 24 мая провел Международную научно-практическую конференцию «Годы независимости – годы становления и развития новой журналистики», посвященную 20-летию независимости Республики Казахстан. На конференции были обсуждены актуальные проблемы масс-медиа, региональной журналистики, языковые процессы массовой коммуникации, вопросы подготовки кадров для СМИ. Во второй половине дня маститые журналисты провели мастер-классы для студентов специальности «Журналистика». Пленарное заседание открыло приветственное слово участникам и гостям конференции проректора по науке Р.Ж.Кадысовой. Вниманию наших читателей предоставляем выступления наших гостей, которые вынесли на обсуждение различные аспекты состояния современной прессы. Но выступления гостей были настолько остро «заточены» на проблемы отечественной журналистики, что редакция посчитала необходимым опубликовать их в сокращенном виде в университетской газете.



Нұртөре Жүсіп
республикалық «Айқын
газетінің бас редакторы»:

«Қазақ баспасөзі – қазаққа жанашыр баспасөз ...»

Мемлекеттік тілде сөйлемейтін кімдер? Өкінішке, мемлекеттік қызметшілер. Мәселе шешетін де солар. Мемлекеттік тілде мәселе қоятын азаматтар қатары алдағы уақытта көбеймесе, азаймайды. Сондықтан қазақ тілін меңгеру ісінде біздің мемлекеттік қызметшілер Президентімізден үлгі алуы тиіс. «Майын тамызып сөйлемесе де, қазақ тілінде түсінісу үшін тілді үйренулеріне болады ғой» деп Елбасы Ассамблея сессиясында айтты да.

Тілге қатысты көп сөзден гөрі айқын да нақты істер керек. Қазақстанда тілді дамыту үшін, барлық жағдай жасалған. Ендігінің бәрі өзімізге байланысты. Ал қазақ тілінің болашағына күмәнмен, күдікпен қарайтын пессимистерге айтарым: осыған дейін жойылмаған қазақ тілі өз елі, өз Мемлекеті барда ешқашан жойылмайды.

Құн тәртібіндегі мәселеге тікелей қатысты болмаса да, осы мәртебелі жиынды пайдаланып, өзін маңызды деп есептеген бір жәйтке тоқтала кетейін. Аты-жөні дұрыс толтырылмаған қазақтарды қате қазақ десек, бола ма? Бар ма бізде ондайлар?! Қаптап жүр. Қате қазақтардың қайда тұратынын іздеудің қажеті жоқ: елдің ең басты ресми екі газетінде жарияланған Мемлекеттік білім гранты иелерінің ресми тізіміне көз салсаңыз болды. Бұл мәселе жөнінде қанша күйзеліп, қанша қынжылса да, ештеңе жасай алмай, дымы құрып отырғандар да табылады. Солардың көбісі елдің сауатын ашатын мұғалімдер.

Қатені түзететін, түзетуге тиісті ұстаздар санаты дәл осы мәселеге келгенде ештеңе істей алмай отыр. Грант иелерінің аты-жөндеріне қараңызшы: Гүлһаз, Гүлһар, Гүлһен, Гүлһайна, Гүлһат, Бақытгүл, Мейрамгүл... Осы да жетер. Тоқтайық. Ойланайық.

Осындай аты-жөндері қате толтырылған балалар биыл да мектеп бітіреді. Аттестат алады. Төлқұжат алады. Оқуға түседі. Студент болады. Ертең диплом алады. Балалы-шағалы болады... Олардың бәрі қате жазатын болады...

Бір кеткен қате осылай өріп кете береді.

Қате неден?

Метірке деген бар. Адамға туғанда берілетін түпқұжат. Аты-жөндері қате-қатетолтырылғанға жоғарыда аты аталған, сондай-ақ аты аталмаған талай баланың түк те кінәсі жоқ! Түпқұжатқа қалай жазылды, сол заң. Оны ешкім түзете алмайды.

Газетті алып қарағандар қате аты-жөндерді көргенде редакторлар, корректорлар қайда қарап отыр деуі мүмкін.

Қарапайым ата-ана, мектеп мұғалімдері ай қарай ма деп аң-таң болуы да ғажап емес. Рас, мектеп мұғалімдері жыл сайын мектепке келетін баланың тізімін алады. Сабәк береді. Дәптер тексереді. Жылды қорытады. Осының бәрінде сынып журналдарының бетінде қате өріп жүреді. Фамилияда, атында, әкесінің атында «мягкий знак» толып жүр. Мұғалім соның қате екенін көреді. Біледі. Бірақ түзете алмайды. Түзетуге қақы жоқ. Өйткені, метіркеде солай. Метірке – түпқұжат. Түпқұжатқа түскен жазу – заң. Соның негізінде кейін төлқұжат толтырылады. Аты-жөні қате-қате бала тест тапсырады. Тізім шығады. Қатені газет корректорлары түгілі бас редакторы да түзете алмайды. Көріп отырсыз қате екенін. Білесіз қате екенін. Бірақ бір әріпті түзетуге қақыңыз жоқ. Сонда не болды?

Мұны реттеуге, түзетуге, түзетуге болмай ма? Өлде осы күйі бәрі кете бере ме?

Қате қазақ дегенге шамдана-тындар да шығуы мүмкін. Қазақтың қазақ екені қайдан білінеді? Өрине, төлқұжатынан. Төлқұжатының негізі – түпқұжат. Тәуелсіз ел болдық деп тақиямызды төбеге қанша атқанымызбен, аты-жөнімізді дұрыс, сауатты жазып алмайынша, біздің қазақ болуымыздың өзі әлі қиын сияқты.

Шалағайық неден шығып отыр? Тіл туралы заңның былқылдақтығынан. Орыс тілі ресми тіл ретінде мемлекеттік тілмен қатар қолданылады деу арқылы осындай ала-құлалық, шимай-шатпақ өрескел қателерге жол ашылып отыр.

Түпқұжатты да, төлқұжатты да қазақша толтыруға бола ма? Болады. Ендеше не кедергі? Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көшкен Қазақстанның бақандай бес облысында да негізінен түпқұжат та, төлқұжат та орысша толтырылады. Азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінде кімдер отыр? Олар неге мемлекеттік тіл туралы Конституция талабын орындамайды?

Ең басты мәселе – Қазақстан азаматтарының туу туралы куәлігін қалай толтыруда болып отыр. Біз өз мемлекетімізді, оның Конституциясын сыйлайтын болсақ, ең алдымен осы түпқұжат толтыруды МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ жүргізуіміз керек! Ағылшын

тіліндегі нұсқасы қатар болса, жақын және жырақ шет елдерге шығуда қиындық тұмайды.

Сонда жоғарыдағыдай қателерге тосқауыл қойылады.

Қате деген Қазақстан азаматтарына қаншалықты зиян екенін ойлап қараңызшы: Бір әріп басқа – адам басқа. Хат-хабар алмасу, ақша аударымдарын жасау, төлемақы, өтемақы, жәрдемақы, зейнетақы, жалақы, қаламақы алу сияқты талай мәселеде қате алдан шығады. Өзінді-өзің құжат жүзінде дәлелдеумен дәл болып жүргенің. Анықтама алу керек. Анда бару керек, мында бару керек. Студенттердің жеке есеп карточкасын ашуы, стипендия алуы, мүгедектердің жәрдемақы алуы, зейнеткерлердің зейнетақы алуы оңайға түспейді. Өрқұжаты әр түрлі толтырылған азаматтар да бар. Мүлік мәселесінде, нотариат жұмыстарында – өтініш, сенімхат, аманат мәселелерінде бір қате өріп әр түрлі дауға жол ашуы да мүмкін. Бір әріптің қате жазылуының кесірінен күні ертең талай азамат өзіне тиесілі зейнетақыдан қағылмасына кім кепіл?

Қате қайдан шығады? Компьютерлердің көбіне қазақ қаріптері жоқ. Бары ашылмайды. Соның салдарынан құжаттарды орысша толтыра салу жиілеп отыр. Бұл бір.

Екіншіден, әр қазақ өз құжатын салауатты толтыру ісіне жауапкершілікпен қарап отырған жоқ. Түпқұжат және төлқұжат толтырғанда оның мемлекеттік тілде рәсімделуін екінші бірі талап ете бермейді. Бұл ұлттық мәселе. Ұлт ретінде өзімізді өзіміз сыйлағанда, бізді кім сыйлайды? Аты-жөні қате толтырылған басқа ұлт өкілін кездестіріңіз бе?

16 жасқа толғанда берілетін төлқұжат 25-те бір, 45-те бір қайта ауыстырылады. Кеткен қателерді сонда түзетуге болар деп көңіл жұбатуға тағы болмайды. Өйткені, бір құжатты түзету үшін қанша жерге сандалу керек. Қанша есікті ашу, қанша табалдырықты тоздыру керек. Қаншама анықтама жинау қажет. Осының бәрі азаматтардың ығырын шығаратын болғасын, олар бәріне қолын бір-ақ сілтейді.

Сондықтан бірінші кезекте Үкімет, оның Әділет министрлігі бұл мәселеге назар аударуы, сөйтіп орын алып отырған олқылықты жоюдың нақты шарасын қолға алуы қажет деп білеміз. Қазақтілді БАҚ осы мәселеге ерекше назар аударып, барлық жерде бірдей бірлесе үн қатып, мәселені бірлесіп көтерсе дегім келеді. Қазақ елінің Тәуелсіздігін жылма-жыл қате қазақсыз қарсы алайық. Ел боламыз десек, ең әуелі өзімізді өзіміз сыйлайық. Ол үшін аты-жөнімізді дұрыстап жазуды қолға алайық. Бұл кез келген азаматтың намысына сын нәрсе. Өз намысымызды өзіміз қолдан бермейік!

Біздің ұлттық БАҚ ақпарат нарығында үлкен қысақтың арасында қалып отыр. Өзге

тілдегі ақпарат неіріне біз төтеп бере алмай отырмыз. Мұның түп негізінде Мемлекеттік тіліміздің толық, өз мәнінде, өз күшінде айналысқа түспей жатқаны жатыр.

Бізге қуатты, күшті, бәсекеге қабілетті мемлекеттік тіл қажет. Бізге сауатты ұрпақ қажет. Осы ретте Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебелі мінберін пайдаланып, бірнеше ұсыныс жасаған едім, соны тағы айтқым келеді:

1. Қазір жаңа технологиялар заманы. Кез келген адам өз үйін, өз қаласын, қажетті координаттарды, басқа да деректерді интернет арқылы алуға аса қолайлы GPS / global position system / жүйесін іске қосу қажет.

2. Бүгінде қазақ латын код парағын алды, бірақ ол жаппай қолданысқа қосылған жоқ. Соны Қазақстандағы әрбір компьютерге кіргізу керек. Орфографиялық көмекшілер, мысалы MS Word мәтіндік редакторы қателерді автоматты түрде жөндейтін болады. Қате деген толып жатыр. Көше атаулары, кісі есімдері, билбордтар мен жарнамаларда өрескел қателерге дейін толып жүр. Одан құтылудың бірден бір жолы осы орфографиялық көмекшілерді компьютерге енгізу. Сонда тілді толық меңгермеген адам болса да, қате жазбайды. Компьютердің өзі ондай қателердің кетуіне жол бермейді.

Қазір жастарымыздың қолынан «сотка» түспейді. Осының да бізде бірнеше атауы бар.

«Ұялы», «омарталы», «мобильді», «қалталы» «қалтафон» деп атайды. Осыны да бір ізге келтіру керек. Сосын қазақ тіліндегі sms-ақпараттар, электронды пошта хабарлары бір біреудің телефонында не компьютерде ашылса, енді бірінде ашылмайды. Мәжіліс депутаты Төңірбергел Алдоңғаров та осы мәселені жақында Парламентте көтерді. Ол еліміздегі мобильді телефон операторларына қазақ тілін енгізуді ұсынды. Мұндай жүйе бүгінде тек «Samsung» телефондарында ғана бар. Егер осындай жүйені жаппай енгізетін болсақ, онда жер шарының кез келген түкпіріне жіберуге, шет елдерде оқып жатқан Қазақстан

балаларымен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік туады.

3. Негізі қалай болғанда да еліміздің ертеңі үшін ABC-net /эй-би-си нет/ негізіндегі қазақ әліпбиін IT-технологиялар саласына тездетіп енгізген дұрыс. Ол электрондық карта, электрондық банкинг, электрондық коммерция, e-mail, SMS жазбаларды реттеп, дауыс тану, роботтық технологиялар мен жасанды интеллект мәселелерін жедел шешуге мүмкіндік береді. Осындай әліпби мемлекеттік тілде білім беретін мектептердің беделін көтеріп, өзге ұлт өкілдерінің балаларына кең жол ашады. Бұл ұлтаралық қатынасты, іргесі берік достықты бекітудің осы заманғы бірден-бір озық әдісі болмақ.

Қазіргі кезде «қазақ журналистикасының деңгейі төмен, сапа жоқ» деген әңгіме ара-тұра айтылып қалады. Мұндай сөздерді мен де естіп жүрмін. Бұл әңгімені айтатындар кімдер? Негізінен, журналистикадан қашық жүрген адамдар. Ал, журналистиканың отымен кіріп, күлімен шығып жүрген жандар қазақ журналистикасының бағасын да, қоғамда алатын орнын да жақсы біледі. Қазақ журналистикасы – таза ұлттық журналистика. Ұлттық журналистиканың өз ерекшеліктері болады. Ұлттық журналистика ең алдымен мемлекетшілдікті жақтайды. Қазақстанның тәуелсіздігі қазақ тілінде шығатын газет-журналдардың бөрінің негізгі құндылығы десем, артық болмас. Тіпті, оппозициялық деп ат қойылып, айдар тағылған баспасөз билікті, биліктің кейбір олқы тұстарын ашық сынап, жазып келе жатса да, еліміздің тәуелсіздігін ашық күстеналағанын көрген емеспін. Демек, қазақтілді журналистика мемлекетті құраушы халықтың, яғни, қазақ ұлтының сөзін сөйлеп келе жатыр. Қазақтілді журналистика – жауыққан, өшіккен, қатыгез журналистика емес, ол сұрқия сөз айтпайды. Ұлттық журналистика – ұстамды журналистика. Ең басты ерекшелік осы. Бұл, өрине, әлдекімдерге ұнамауы мүмкін. Әсіресе, қазақтілді журналистиканың белең алып, күш алып, қайраттанып келе



Конференция

7

ҚҰЛАҒЫ НӘМ ТІЛІ

жатқаны базбір жандарға шаншудай қадалуы ғажап емес.

Сондықтан да, жоғарыдағыдай басы артық сөзді бұрқ еткізеді де қызығына қарап отырады. Мемлекеттік тіліміздің өркен жаюымен бірге қазақ журналистикасы да қанатын кеңге жая береді. Бұл анық нәрсе. Қазір Қазақстан халқының 75 пайызы мемлекеттік тілді біледі, түсінеді. Енді қазақ тілін қолданатындар қатары арта түсетін болады. Осы орайда, қазақ газеттері еш қалғымауы тиіс. Ақпараттық бәсекеде алдыңғы саптан көрінуге ұмтылуымыз керек.

Қазақ баспасөзі – қазаққа жанашыр баспасөз. Қазақтың тарихы мен мәдениеті, ұлтымыздың құндылықтары бүгінгі қазақ баспасөзінде кем жазылып жатқан жоқ. Қазақ басылымдары ұлт, жер, тіл, дін, діл мәселелеріне келгенде айрықша айбарлы. Бұл сөзіме нақты дәлел келтіруіме болады.

Естеріңізде болса, осыдан бір-екі жыл бұрын «Дайджест» атты басылым шықты. Онда қазақ тіліндегі газеттерде жазылып жатқан мақалалар орысша аударылып басылды. «Дайджест» газеті аз уақыт ішінде қалың қазақстандықтарға танымал болды. Неге? Өйткені, осы газет бетіндегі аударма мақалалар өте қызықты еді. Қазақтілді журналистердің мәселе көтерудегі өткірлігін орыстілді журналистердің өздері мойындады. Тіпті, «Қазақстанға оппозицияның қажеті жоқ екен ғой, қазақтілді газеттер сол оппозицияның орнын басқан сияқты» деген пікірлер де естіле бастады. Соның салдары ма, кім білсін, «Дайджест» газеті ақыры жабылып қалды. Сондықтан, қазақ журналистері айтарын айтып, жазарын жазып келеді деуге болады.

Қазіргі таңда журналистер шетінен білімді, көздері ашық, көкірегі ояу. Бір емес, бірнеше тілді білетін журналистер шоғыры өсіп келеді. Интернетті тиімді пайдаланады, осы заманғы ақпарат алу құралдарын жетік меңгерген. Алайда, біздің қазақ журналистерінің салалық мамандануы әлі де олқы соғып жатыр. Мәселен, құқық тақырыбын тереңдете жазған Нури Муфтахтың ізбасар іні-қарындастары қанша? Болмаса, саяси шолу ісінің білгірі Нұрмахан Оразбековтің, қазақ көсемсөзінің қара нары Марат Қабанбайдың, экономика саласын жіліктеп жазатын Ахас Тәжіутовтың ізбасарлары неге көп емес? Ойландыратын сұрақтар. Қаржы-қаражат саласын індете жазып келе жатқан журналистердің артынан ілесетін жас буын есімдерін саусақпен санауға болады. Сонда қаптаған журналистика факультеттері жөнді білім бермей ме? Жоқ, жас журналистер қиын тақырыптар мен күрделі саланы жазудан жалтара ма? Қалай болғанда да, қазақ журналистері белгілі бір салаға жақылап тұрып мамандануы тиіс. Оның үстіне, қазіргі заман ақпараттық технологиялар заманы. Тіл білетіндер заманы. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ журналистері ағылшын тілін терең біліуі тиіс дер едім.

Біздің қазақ ұзақ жылдар бойына қыспақта болды. Қажымұқан сияқты балуандарымыз ылғи екінші планда жүрді. Алға шығуға, кеудені керуге еш мүмкіндік болмады. Қазақтың қазақ атын танытқанына осы соңғы жиырма шақты жыл ғана ғой. Тәуелсіздікті біз күн сайын қадірлей білуіміз қажет. Енді көкжиек ашылды. Кеңістік

көбейді. Аяқастына емес, алысқа қарау керек. Қазақ-ағылшын тілдерін еркін меңгеру қазақ ақпарат құралдарын нығайтады, журналистердің ақпарат айдынында желкен керуіне кең жол ашады деп білемін.

«Журналистің жегені жантақ, еңбегі еш, тұзы сор» деп жүргендер бар. Қате пікір. Қазақ елінде журналистердің жағдайы соншалықты жаман емес. Жаман болса, жыл сайын Президенттің БАҚ саласындағы сыйлығы беріле ме? Жыл сайын Баспасөз қызметкерлері күнінде еліміздегі барлық министрліктер мен ведомстволар журналистерге тиісті сый-сияпат жасайды. Жергілікті әкімдіктер де қалыс қалып жатқан жоқ. Сондықтан, ауызды құр шөппен сұрту дұрыс болмас. Қазақстан Журналистер одағы, Қазақстан Журналистер академиясы тағайындайтын сыйлықтардан өзге, банктер мен «Самұрық-Қазына» сияқты әлеуметтік даму қорлары жазарман ағайынға қолдау көрсетіп келеді. Түрлі салаларға жарияланып жатқан бәйгелердің өзі бір төбе емес пе? Демек, жазамын дейтін журналиске билік тарапынан да, қоғам тарапынан да қолдау бар. Жас журналистер «Шабыт» фестиваліне қатысып, бақ сынап жүр. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққандары республикалық «Дарын» сыйлығына ұсынылып жатады. Мұндай қолдау кешегі кеңес өкіметінің кезінде де болған емес.

Бізде журналистердің құқығы толық қорғалған ба? Деген сұрақты да жиі естимін. Қазақстанда «БАҚ туралы» заң бар. Біздің негізгі жұмыс істейтін заңымыз осы. Ата Заң бар. Онда сөз бостандығы мен шығармашылық еркіндікке кепілдік берілген. Былай қарағанда, барлық мүмкіндіктер қарастырылған тәрізді. Алайда, қалың журналист ағайынның, қазақстандық БАҚ-тың аяғын тұсайтын бір жайт бар. Ол – «БАҚ туралы» заңымыздағы былқылдақ тұс. Осы заңның бірнеше бабы бойынша азаматтар ар-ожданына нұқсан келді деп сотқа жүгіне алады. Ол дұрыс та шығар. Бірақ, сотқа жүгіну ісін шектейтін уақыт – орысша айтқанда, «срок давности» деген нақтыланбаған. Яғни, кез келген азамат кез келген БАҚ-ты жарияланған мерзімінің қаншалықты өткен-кеткендігіне қарамастан сотқа тарта алады. Көптеген елдерде «срок давности» деген мәселенің басы ашық, яғни, бір жылдан асқан жағдайда сот ондай істі қарамайды.

Қазақ журналистері әлі де болса өзінің құқықтық сауаттылығын жетілдіре беруі тиіс. Мәселен тілге байланысты біз өз құқықтарымызды білеміз бе? Егер сізге қажетті адам немесе мекеме қазақ тілінде қатынас жасағысы келмесе оған қолданатын шара мынау: ҚР прокуратурасы туралы заңының 26-бабына сәйкес ҚР Тіл туралы заңдарының бұзылуына кінәлі мемлекеттік органдардың, кез-келген меншік нысанындағы ұйымдардың бірінші басшылары, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді. Кез келген адамның мемлекеттік тілді білмеу желеуімен азаматтардың өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, сондай-ақ, мемлекеттік тілде қызмет атқарылатын салада тілдің қолдануына кез келген кедергі келтіру жауапқа тартылады. Бұл қағиданы орындау әрбір басшының қызмет бабындағы

бірден-бір міндеті. Жоғарыдағы талап сақталмаған жағдайда олар тиісті тәртіптік жазаға тартылуы, сонымен қатар лауазымынан босатылуы мүмкін.



А.О. Есдаулетов, кандидат филологических наук, доцент кафедры периодической печати и издательского дела ЕНУ им. Л.Н. Гумилева:

«Монополизация СМИ опасна для общества»

С приходом новых рыночных отношений изменилась не только структура общественно-политических изданий, но и появились газеты, журналы, ориентированные на принципиально новые группы читателей.

Происходит появление большого числа изданий, которые можно отнести к понятию «Псевдожурналистика». Под этим термином мы подразумеваем политические рекламные-агитационные материалы, обремененные в газетную форму и имитирующие собой традиционно-политическое издание. Концепция новой рекламной газеты, огромный тираж которой предполагалось распространять путем бесплатной рассылки, была едва ли не революционной, однако время показало, что ее создатели не прогадали – даже в условиях экономического кризиса начала и середины 90-х годов газеты постоянно привлекали рекламодателей и сохраняли стабильный тираж. «Из рук в руки», «Крыша», «Колесо» и др.

Ключевой тенденцией развития казахстанской постсоветской печати можно отнести стремление издателей к концентрации бизнеса. Процесс конгломерации предполагает слияния, приобретения и выкупы, благодаря чему различные масс-медиа сосредоточиваются в руках небольшого числа компаний. Некоторые критики утверждают, что от этого страдает разнообразие сообщений, предлагаемых масс-медиа.

В течение второй половины 90-х годов XX века шел процесс формирования медиа-холдингов. Они в дальнейшем стали играть заметную роль в общественной жизни страны. Это «31 канал», «Алма ТВ» и т.д. Активизация политической борьбы, приводит к политизации общественно-политической периодики, ангажированности и предвзятости многих средств массовой информации. Появляются оппозиционные издания, которые, несмотря на запреты, доводят до читателя мнения альтернативные официальной точке зрения.

Опираясь на свой исторический опыт, используя достижения высокоразвитых демократических стран, Казахстан формирует свое информационное пространство таким образом, чтобы исключалась всяческая политическая не терпимость, складывалось новое информационное мышление. Однако в начале тысячелетия соз-

дание общественного движения «Демократический выбор Казахстана» изменило ситуацию. Такие издания, как «Новое поколение», «Республика», «Время», «Время по...» как будто подменили. На их страницах схлестнулись интересы определенных групп, представителей высших эшелонов власти. Издания из инструмента удовлетворения читательского интереса превратились в «боевые листки» и дубинку для сведения личных и корпоративных счетов общественно значимых персон.

По мнению руководителя Союза журналистов страны Сейткасы Матаева, монополизация СМИ опасна для общества. Наиболее распространенная форма их консолидации в медиа-холдинги предполагает хорошо отлаженную схему «устранения» нежелательных людей. В подобных случаях «компромат» сначала анонсируется по телевидению, затем более подробно описывается в ежедневной газете, и кончается дело «типа журналистским расследованием» в «толстушке»: «Человека вечером ошарашат, утром полинают, а уже в конце недели можно его и закопать».

Соответствующие меры, принятые в те годы по выходу из кризиса, регулированию взаимоотношений государства и политизировавшихся олигархических групп, дали повод г-ну Агаеву («Немецкая волна», Кельн) «сравнить ситуацию со скрытой госмонополией типографского рынка с Беларусью, заметив, что там тоже регулярно власть использует этот инструмент в борьбе с неудобными СМИ». Вопрос был в том, что казахстанские издания и тем более телерадиокомпания не научились еще сами зарабатывать столько денег, чтобы быть самодостаточными и в определенной степени свободными в собственных убеждениях.

В последние годы мы становимся свидетелями того, что мир превращается в «большую деревню», где события в одной части света могут повлиять на политическое, экономическое или финансовое состояние какой-либо страны в другой части мировой системы. Вместе с тем, процесс глобализации повлек за собой столкновение геополитических интересов определенных государств.

Геополитическое расположение Казахстана позволяет говорить, что страна находится в таком окружении, где представлены все три разновидности воздействия соседей на нашу страну. «Мы живем в эпоху растущей глобализации и возрастающей взаимозависимости, когда мощные внешние силы будут неизбежно играть существенную роль в определении нашего будущего. Если мы серьезные в своих намерениях и умны, способны четко проанализировать внутренние и внешние факторы нашего развития, то у нас есть и возможность выбрать правильный путь...» - отметил президент страны Н.Назарбаев в «Стратегии 2030».

Казахстан стал рассматривать свои проблемы также через призму процессов глобализации. Тому свидетельство Указ Президента Республики Казахстан от 9 декабря 1997 года «О формировании единого информационного пространства в Республике Казахстан» (12). По этому документу формирование единого информационного пространства в Республике Казахстан считается приоритетной сферой государственной политики. Следующим шагом в этом направлении было принятие «Концепции развития конкурентоспособности информационного пространства Республики Казахстан на 2006-2009 годы», одобренная Указом

Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева в августе 2006 года. Между тем, предусмотрено «... начать разработку специальной Стратегии информационно-инновационного развития страны на 2008-2020 годы, которая должна поэтапно подготовить страну к прорыву в ряд информационно-развитых стран». Эта цитата из Основных вопросов и приоритетов Министрства культуры и информации РК. Там же подчеркивается «важная задача Министерства состоит в принятии системы мер по повышению конкурентоспособности информационного пространства страны, где особое внимание необходимо уделить решению проблемы модернизации государственных СМИ, укрепления их материально-технической базы».



Шәмшігүн Патмеев, халықаралық «Түркістан» газетінің бас редакторы:

«Бәсекелестік болған жерде, сан емес, сапа артады...»

Басылымдардың көбеюінің жақсы жағы бар. Оның бір себебі, қазақ басылымдарының арасындағы бәсекелестікті арттырады. Бәсекелестік болған жерде, сан емес, сапа артады. Сапалы басылым оқырманына қажетті дүниені бере алады дегіміз келеді. Осы тұрғыдан келгенде сан бар жерде, сапа бар дегенге келісуіміз керек. Оқырманнан артық таразы жоқ. Оқырманға қажеттісін қазақ баспасөзі бере алса, оқырман да өз қажетін өзіне ұнайтын басылымынан ала алады.

Халықаралық «Түркістан» газетінің ашылуы да қасиетті Тәуелсіздігіміздің арқасы. Жалпы түркі идеясын насихаттайтын, халықаралық қарым-қатынастар мен әлемдегі күнделікті болып жатқан жағдайларға терең талдау жасап, оқырмандарымыздың өрісін кеңейтетін халықаралық апталық бұл күндері еліміздің ақпарат кеңістігіндегі орнын айқындап отыр. Тұрақты оқырмандарымыз қалыптасты. Еліміздегі болып жатқан саяси оқиғалардың мән-жайын, экономикалық реформалардың өріс алуын, әлеуметтік ахуалды жіті қадағалап, дер уағында үн қосып отырады. Шетелмен байланысымыз нығая түсті. Көптеген алыс-жақын шетелдерде меншікті тілшілеріміз жемісті жұмыс істеп, өндірте жазып жүр. Біз АҚШ-тың «Ист вью фикчерс» баспасымен теңеріптестік байланыс орнатып, қоян-қолтық жұмыс жасаудамыз. Осы арқылы біздің газетте жарияланған материалдар ағылшын тілді оқырмандарға жол тартып, әлемге кең таралады. Осы ретте біздің сайтымыз арқылы әлемдік астаналардағы – Париж, Лондон, Берлин, Мәскеу, Анкара, Стокгольм және басқа қалалардағы қазақтілді оқырмандарымыз еліміздегі болып жатқан оң өзгерістерді үнемі назарларында ұстап отыр деуге болады. Міне, осының бәрі еліміздің Тәуелсіздігінің арқасы дей аламын.

Из материалов казахстанской прессы.

Әулиелер мекені – Ақкөл елі

Әуелі бір Алла,
екінші Ата
берген бата

(ИСАБЕК ИШАН, ЖАНДАРБЕК АТА ТУРАЛЫ ӘКЕМ АЙТҚАН ӘНГІМЕ)

Менің әкем Бабылбек Әкімбекұлы қырық бес жылдай мұғалім болып қызмет атқарған. Ұлы Отан соғысының ардагері. Бізге бала кезімізден ел арасында тараған әңгімелерді көп айтушы еді. Ақкөл-Жайылмада тұрақтаған Исабек ишан атам жайындағы әңгіме есімде қалыпты. Ақкөлдің әулиелі Ақкөл аталуы да осы кісінің есімімен байланысты болуы мүмкін. Қазір өткен кезеңдердегі әңгіме аңызға айналып барады.

Біздің Ақкөл маңында Исабек ишан деп атын атамай «Ишан атам», «Атам зираты», «Атам басы» деген тіркестер көп қолданылады.

Сарыарқаға дін таратуға келген он екі ишаннан Исабек ишанның аталары Аққу ишан, Мұрат ишан ғана тұрақтап қалған деседі. Жандарбек Қожахметұлының айтуынша алғаш келгенде Исабек ишан Баянауылда Қанжығалының шаңырағына түскен екен. Сондықтан да менің әкемді қонақта отырғанда үнемі өзінің қасына шақырып, арқасынан қағып, «атам сыйлаған Қанжығалының ұрпағысың, бері шық», -деп жанынан орын беретін. Оны өзіміз талай көріп жүрдік. Бірақ мән берген емеспіз. Жандарбек атаның бір ренішті сәтін көрген жоқпын, үнемі күліп жүретін, кісіге жайраң қағып, көңілді сөйлеп, қандай бір ренішпен келсең де көңіліңді көтеріп тастаушы еді. Содан Көбелек апамызға (Жандарбек атамның бәйбішесі) қымыз алдыртып, міндетті түрде шай қойғызатын. Келген шаруамызды тіпті сұрамайды. Шай үстінде барлық құрт, бауырсақ, көмпитті бәрімізге үлестіріп береді. Алмасыңа қоймай, өзі ұсынып, «атаңның үйінен алмағанда қайдан аласың»-деп күлдіріп қояды. Содан соң менің әкеме қалтасын тосып, «қанша шықса соншасын ал, өз бағың», -дейді. Әкем де әбден үйреніп алған болар езілдеп отырып, қай қалтасын ұсынса, соған жалғыз қолын (соғыста айрылған) тығып жібереді де бір уыс ақшаны алып, «атам берді, мен алдым», -деп күледі.

Шай ішіп жайланған соң, «неге келгендеріңді білдім, балаң оқу бітірген екен, немесе үйлендірейін деп жүрсің, немесе машина алған екенсің», -деп ойынды айтқызбай біледі. Ағыл-тегіл батасын береді.

Бірде қызық болды. Біз кіріп барысымен:

– Көбелек, әй, Көбелек, жап ана машинасына жасыл шапанды, -деді амандаспастан бұрын. Біздің үйде сол жасыл пүліс мата әлі сақтаулы. Атамның көзіндей көріп балаларға ырым етіп ұстамай келеміз.

Жандарбек атамның қылығы өзгелерге ұқсамайтын. Жүрегі таза, аңқылдаған ақжүректің өзі. Оны біз бала болсақта аңғаратынбыз. Ол кезде ораза тұтуға, намаз ұстауға ел сескенетін, бірақ ауылдың үлкендер жағы оны қалт жібермейді. Оразада құран қатым ететіндер аз. Біздің Шідерті жағасындағы бұрынғы Шідерті колхозы, кейін түрлі атаулармен Зеленая роща, 11 ауыл, Ақкөл совхозының №2 бөлімшесі деп аталып кеткен ауылымыздың адамдары арнайы көлік жіберіп алдыртып, бірнеше күн қонақ етіп жіберетін. Қонақ асын ішіп болған соң жағалай отырғандарға, төменгі үйде жүрген келін – кепшек, бала-шағаға алақанымен уыстап табақта қалған етті түк қалдырмай таратып беруші еді. Мен көбіне әкемнен

қалмай, атамның түні бойы шамның жарығымен (жарық түнгі 12-ден кейін өшіп қалатын) айтқан әңгімесін, бәйітін тыңдайтынбыз. Бәйіт айтқан дауысы сондай құлаққа жағымды, бертін магнитофонға жазып алып едік, пленкасы жоғалып кетті. Есімде қалғаны бір жас бала өмірден өтер шағында ата-анасына басу айтып, кешірім өтінеді, балалық парызын өтей алмағанын, мәңгілік сапарға аттанып бара жатқандығы Алланың әмірі екендігін, атам жылап отырып айтқанда сай-сүйегің сырқырайды.

Шілденің шыжып тұрған бір күні болатын. Сол жылы ораза шіліңгір шілдеде келді. Баянауылдың Бірлік совхозында тұратын Сүйінғали жиен ағамыз 90 –ға қараған шағында қайтыс болып, туыстары Ақкөлден Жандарбек атаны алғызды. Жолда әкеме соғып, біздің үйге тоқтады. Үй іші салқын, атам біраз тынығып дем алды. Сонда да аузы берік адамға жол жүру оңай емес. Дәл кетерде құдықтың мұздай суымен атамның басын шайып, бөкебайын суға шылап бердім. Атам қатты риза болып, батасын беріп, көйлегінің жағасына тағып жүрген үлкен түйреуішін алып маған ұстатты.

– Балам, мынауың бір табылған ақыл болды, -деді әбден риза болып.



Исабек Ишанның зираты.

Мен оқу бітіріп келген жылдары бес жылдай Ақкөл орта мектебінде қызмет атқардым. Жандарбек атаның балалары Қанат, марқұм Бәтимамен бірге жұмыс істедім. Сағидолла менің сыныбымда болды. Сабақ сұрағанда басын сипап, күліп тұрғаны атамнан аумамайтын. Мінезі де, түрі де атама келеді. Ата жолын ұстанып отырған Ахметолла да менің оқушым, ол Ақтоғай мешітінің имамы.

...Исабек ишан қай жылы екені белгісіз бірде бүкіл Арқаға сауын айтып, ата жұрты Меккеге жиналады. Мыңды айдаған байлар үйірлеп жылқысын, табындап сиырын, ұсақ малын әкеліп, үлкен үйлерін тігіп Ишан атамды ұзақ жолға шығарып салуға жиналды. Бәрінің күткені әулиеден бата алу.

Баянауылдан, Ерейментаудан, Қарқаралыдан, Семейден, Қараөткелден бай-манаптар жиналды. Аттанатын уақытта жұртқа қандай өсиет айтар екен деп халық күтіп отыр. Сол кенде Исабек ишан:

Сасық сасып кетті, Ишандық басып кетті. Бәрінен де қымыздың қорын өкеп. Шарабай асып кетті, -деп, біздің атамыз Шарабайдың үстіне оқалы-зерлі шапанды жапқан екен дейді. Үйірлеп жылқысын, табындап сиырын айдап әкелген байлар күбірлесіп, «бұл қалай?» десіп күңкілдеседі. Себебі, Шарабай болса, арбаға жегілген екі құлынды бие мен бір тай ертіп, сабаға қымыздың қорын ғана құйып әкеліпті.



Шыққан күңкілді естіп, ишан атам жауап берген деседі.

– Шарабай байлығын көрсетуге келген жоқ, қымыздың қорын құйып, өзінің ырысын маған түгелдей беріп отыр. Құйған қорыңды өзіңе қайтардым, ақ ниетіңе разымын. Шарабай, қолыңды жай, үрім-бұтағыңнан ырыс-құт, бақ-береке кетпесін, - деп батасын беріпті.

Әкем осы жайды бізге сыр ғып айтып отырушы еді.

Кейде біз:

– Заман өзгеріп жатыр, дүние қымбаттап кетті, -десек, әкеміз бізді тыныштандырып, «Әуелі бір Алла, екінші Ата берген батаны ұмытпаңдар» -дейтін.

Исабек ишанның дүниеден өткен уақыты туралы бір аңыз айтқаны бар. Себебі бұл аңыздай әңгіме. Бүгінгідей алыстан хабар алғызатын құрал жоқ. Ол кісі біздің ауылдан он шақырымдай жерде Сасық көл деп аталатын көлдің маңында қайтыс болыпты. Қазір ол жерде жаз болса құрғап қалатын, Құрөзек деп аталатын, бұрындары суы мол шағын өзеке болыпты. Бұл Шідерті тасыған кезде суға толатын болуы керек. Осы маңда біздің бала кезімізде ауылдар бірігіп сабантой қылатын. Сонда ойпаң жерде жападан жалғыз өсіп тұрған талға таңданатын едік. Көлеңкесінде отырып, барған жұрт дем алатын. Еніне бірнеше адамның құшағы жетпейтін. Бізге талды кеспендер, кескен жерінен қан шығады деп қорқытатын.

Ишан атамның денесін арулап, бір қолдан бір қолға көтеріп беріп оты-



Исабек Ишан зиратының шырақшысы.

рып, осы атам басына дейін әкелген көрінеді. Шамамен арасы жетпіс-сексен шақырым болар.

Өткен жолаушы бұрылып, басына білген құранын оқып жүреді. Әжем марқұм топырағын, кішкене ағаштың жаңқасын орамалға түйіп, «атам зиратынан» алынған қасиетті нәрсе, лақтырмаңдар, ұқыптап ұстаңдар, аяққа басылмасын деп, күртешемізге тігіп беретін. Бала кезімізден осындай қасиетті, киелі деген ұғымдар бойымызда қалыптасты. Біз әулиелі Ақкөлдің қызымыз деп, аталарымызды мақтан етеміз.

Д. ҚАРАШАШЕВА.

Исабек ишан

Арғы атасы асыл тек,
Мұраттан туған Исабек.
Құт болып қоныс теуіпті,
Ақкөл-Жайылмаға кеп.

Аққудай ишан бабадан,
Бағдат ишан тараған.
Назардай асыл атадан,
Мұрат ишан нәр алған.

Нәсілі Саид қожа екен,
Діндарлығы мол екен.
Сусындап бүгін біз жүрміз,
Рухани нұрдан төгілген.

Он төрт жаста ишан деп,
Діни атақ алыпты.
Қасиетімен киелі,
Баураған ол халықты.

Дарыған бойға киесі,
Бақ болып қонған еліне.
Бас иіп халқы құрметтеп,
Атапты оны «әулие».

Қылдыкөл жатқан тұрағы,
Басынан сөнбес шырағы.
Маңынан өткен жамағат,
Атының басын бұрады.

Ақкөл менен Жайылма,
Әулиелі деп аталған.
Қоныстанған қалың ел,
Исакемнен бата алған.

Ақкөлде салған мешітке,
Атаның аты берілді.
Дін мұсылман баласы,
Керегең кең керілді.

Жандарбек ата

Аңқылдаған, ақкөңіл асыл ата,
Сағындық, дауысыңды берген бата.
Табақтан уыс-уыс бар балаға,
Төбәрік тарататын ет асата.

Қона жатып айтатын әңгімесін,
Ат қойып, бәрімізді үшкіретін.
Өңдетіп, бәйіт айтып, елді баурап,
Әзілдеп, жалыққанда күлдіретін.

Ай қонақтап тұрғандай маңдайына,
Бұлбұл ұя салғандай таңдайына.
Әуезді үніменен жанды баурап,
Уағыз тыңдап оралдық шалғайына.

Ауылға ата келсе, той болатын,
Кезектесіп, қонақ қып қой соятын.
Жапырлап бала біткен соңына еріп,
Дана қарттың сөзіне ден қоятын.

Әулиелер мекені – Ақкөл елі,
Шанышқан ақ таяғын жер киелі.
Жандарбектей батағай атамыздың,
Рухына ұрпағы бас иеді.

Д. ҚАРАШАШЕВА.

Жанайқай

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Үкіметке қазіргі кезеңдегі басты міндет саннан сапаға көшу екенін қадап айтты. Демек Қазақстанда жасалған әрбір өнім халықаралық бәсекеге төтеп бере алатын болуы керек. Сапалы өнім шығару білімді мамандардың ғана қолынан келеді.



МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ (ЖАҢҒЫРТУ) ТУРАЛЫ

Білімді мамандарды дайындау бала бақшалар, мектептер және жоғарғы оқу орындарындағы білім беру сапасының жоғары болуын талап етеді. Сонымен елбасымыздың қойып отырған мәселесі ұстаздардың жұмыс сапасының жоғары деңгейде болуына саяды. Ол өз кезегінде ұстаздардың білім деңгейіне, пәнді оқытудың әдістерін игеруі мен күнделікті жұмысында тиімді қолдана білуіне байланысты. Сонымен, елбасының жолдауын орындау терең білімді, кәсіби мамандығы жоғары деңгейде қалыптасқан ұстаздарсыз іске асыру мүмкін емес. Еліміздің индустриалды және инновациялық дамуы кәсіби мамандықтарды сапалы игерген мамандарсыз мүмкін емес. Мұндай мамандарды дайындау мектеп түлектерінің білім сапасының жоғары болуына байланысты. Қазіргі таңда мектеп түлектерінің білім сапасы бұл талапқа сай деп айта алмаймыз. Әрине, жекелеген мектептердің жекелеген түлектері ғылымда, өндіріс саласында, медицинада, ауыл шаруашылығында айтарлықтай табыстарға жетіп жүргенін естіп те, көріп те жүрміз. Мұндай сапалы білім алған түлектер қадау-қадау. Олар Елбасының қойған талаптарын іске асыруға жеткіліксіз. Мәселе – мектеп түлектерінің басым көпшілігінің сапалы білім алуында. Осы мәселе жуырда Астанада өткен математик ұстаздарының бірінші құрылтайында көтерілді. Білім және ғылым министрі Б. Жұмағұлов мырза өз сөзінде мектеп түлектерінің білім сапасын көтеру оқушылардың математиканы игеру сапасына

тікелей тәуелді екенін қадап айтты. Математикаға бөлінген сағаттарды жұмасына бір сағатқа қысқарту оқушылардың жалпы білім деңгейін 25 пайызға төмендететінін мысалға келтірді. Математика тек қана адамзат өзінің даму тарихында қалыптастырған білімді игеру құралы емес, адам бойына еңбекқорлық, табандылық, адалдық т.с.с. қасиеттерді сіңіруге көмектесетін бірден бір нәтижелі құрал. Жасыратыны жоқ, мектеп түлектерінің математиканы игеру деңгейі сын көтермейді. Мысалы, студенттердің басым көпшілігі сандар арасындағы қарапайым амалдарды орындай алмайды. Мұндай жағдайда математиканың күрделі мәселелерінің бірі функция туралы ұғым мен олардың мысалдары, қасиеттері туралы сөз қозғаудың өзі орынсыз. Математика тілінде оқушылардың сөйлеу қабылеті дамымаған. Бұл мектеп түлектерінің математика саласындағы білімінің негізгі кемшілігі. Бір кездері Советтер Одағының он жылдық мектебі түлектерінің білім деңгейі сол кездегі Американың онбір жылдық мектеп түлектерінің білімінен жоғары екенін Оксфорд университетінің профессорлары мойындағаны белгілі. Еліміздегі мектептерде математиканы оқыту сапасының осыншама төмендеп кетуінің негізгі себептерін анықтау қазіргі кезеңде негізгі мәселелердің бірі деп санаймын. Осы мәселені шешу арқылы соңғы жылдары оқу саласын реформалауда жіберілген негізгі қателіктер анықталады. Сол қателіктерді мойындап, оларды жеңу жолдарын бағдарлау

арқылы, мектептер мен жоғарғы оқу орындарында, оқушыларға білім беру сапасының деңгейін көтеру жолдары анықталады. Соңғы жылдардағы оқу саласын реформалаудағы негізгі қателік – бюрократтық формализм. Бұл қателіктің етек алуына негізгі себеп – ұстаздардың жұмысын оның нақты білімі және оқыту әдістемесін игеру деңгейін анықтау арқылы емес, оның оқыту сапасына тікелей қатнасы жоқ формалды жұмыстарды орындау арқылы бағалау. Ұстаздар жұмысын бұлай бағалау олардың өз білімін тұрақты түрде дамыту емес, жоғарыдан келген нұсқаулар мен бұйрықтарды орындауға бағыттауға мәжбүр етті. Ұстаздар қағаз басты болып, білімдерін дамытуға, инновациялық оқыту әдістемелерді игеріп, оларды күнделікті жұмыстарында қолдану мүмкіндіктерінен айрылды. Оқу жұмысында бір елде ұтымды деп танылған оқыту технологиясын екінші елге, осы елдегі халықтың тарихи қалыптасқан психологиясын, салт дәстүрін, халықтың педагогикасының ерекшеліктерін ескермей қолдану мүмкін емес. Мысалы, біздің елге сырттан енген оқушылардың білімін тестілеу арқылы анықтау, түлектердің білім сапасының төмендеуіне әкелді. Оның үстіне, ұстаздың жұмыс сапасын тест қортындысы арқылы бағалауды қосыңыз. Қай ұстаз өз шәкірттерінің білім деңгейінің төмен бағаланғанын ұнатады. Ұстаздар шәкірттерінің білім деңгейін «жоғарлатудың» әдісін оңай тапты – ол шәкірттеріне тест сұрақтарын жаттату. Шынына келгенде,

оқушылар 11 жылдықтың соңғы екі жылында математикаға бөлінген сағаттардың басым бөлігін тест сұрақтарының жауабын жаттаумен өткізеді (басқа пәндерде бұлай болмауы мүмкін, бірақ математикада бұл қалыптасқан жағдай). Бұл оқушыға да, оқытушыға да қолайлы. Оқушы «неге бұлай» деп өзіне сұрақ қоймайды, оқытушы сұраққа жауап ретіндегі тұжырымды оқушыға түсіндіріп әуре болмайды («мына формуланы жаттап ал» деу оны оқушының санасына жеткізе түсіндіру мен дәлелдеуден қиын екені белгілі). Оқушы жаттанды біліммен жоғары бал алады, осы арқылы ұстаз үздіктер қатарына енеді. Басшыларға да қолайлы. Олар енді қай мектептің, тіпті аймақтың түлектері алдыңғы қатарда екенін біледі, сол арқылы қай аймақтың алда қай аймақтың кейін қалғанын анықтайды, осыған байланысты тұжырым жасай алады. Біріңғай ұлттық тестілеу тек қана соңғы мақсатта қолданылса – орынды. Одан бас тартуға болмайды. Өкінішке қарай, тестілеу әдісін біз оқушылардың білімін тексерудің барлық түріне, барлық пәндерге олардың өздеріне ғана тән ерекшеліктерін ескермей қолдандық. Осының салдарынан біз, мысалы, математикалық тілде сөйлей алмайтын математиктерді дайындап жүрміз. Осындай жағдай болашақ тарихшылар, физиктер т.б. мамалар арасында да бар деп ойлаймын. Біз хәкім Абайдың өлшеусіз істердің болмайтынын, «Өлшеуінен асырса, боғы шығады» деген сөзін естен шығарып алған сыяқтымыз

(қырық үшінші сөз). Осы кемшіліктерге біздің халықтың еліктегіштігін, мектепке арналған оқулықтар сапасының сын көтермейтінін қоссаңыз оқу жүйесінің бүгінгі жағдайы туралы толық мәлімет аласыз. Мектеп оқулықтарының сапасы туралы мәселе ерекше талдауды қажет етеді. Бұл мақалада ол туралы сөз қозғау мүмкін емес. Бұл мәселені еліміздің үздік ұстаздары, әдіскерлер мен ғалымдардан тұратын оқу және ғылым министрілігі жанындағы құзырлы комиссия талдап, осы комиссияның ғылыми негізделген ұсынысы арқылы ғана шешілуі мүмкін. Бұл күрделі мәселені шешу байсалды түрде, жан-жақты зерттеу арқылы шешілуі керек. Бұл арада біздің ісімізде бүгінде қалыптасқан үйреншікті науқаншылдық болмауы керек. Дана халқымыз «қасығыстық сайтан ісі» дейді. Осыны ұмытпағанымыз жөн. Сонымен, қорыта келе айтарым, қазіргі қолға алынған оқу жүйесін жаңғырту жұмысы, осы бағытта жіберілген қателіктерді мойындап, білім беруді жақсарту емес, түбегейлі өзгертуге бағытталса екен. Математиктердің бірінші құрылтайында айтылған білім және ғылым министрі Б. Жұмағұлов мырзаның сөзінен түйгенім – біздің жаңа министріміз оқу саласындағы күрделі мәселелерді және оларды шешу жолдарын біледі. Аллаһ тағала бұл азаматымыздың ісіне сәттілік берсін деп тілейік.

Ғ. МҰҚАНҰЛЫ,
ПМУ профессоры,
құрметті деканы.

ТУҒАН ТІЛ ТҰҒЫРДАН ТАЙСА...

АЙТАРЫМ БАРИ!

Туған тіл тұғырдан тайса, қазақ халқының келешегін көз алдымызға елестетудің өзі мұң. Кешегі ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап келген төл құндылықтарымыздың иісі мұрнына бармайтын өгейтілді, өгейсаналы қандас бауырларымыз ұлтымызды бұлдыр болашаққа бастап барады. Олай болса, төбемізден күн еңкейіп кетпей тұрған шақта қазақ тілінің құнын құлдыратпай, алдына қара салмас жүйрік аттай төске өрлеуіне жағдай жасауымыз қажет. Бірақ, қалай...

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтереміз деп жыл сайын түрлі бағдарламаларды қабылдап жатырмыз. Шыққан нәтиже қайда? Ұлт жанашыры Бекболат Тілеухан ағамыз бір сөзінде: «Қазақтың тілі ошағыңның басында, көшеде, дүкенде, қонақта тағы да басқа жерлерде салтанат құрмайынша, сол тілде сөйлеуді талап етушілер көбеймейінше мың заң, миллион қаулы шығарып нәтиже болмайды» деген еді. Мемлекеттік тілге келгенде көп ақсап жатқанымыз айқын байқалады. Кейде билік басындағы ағаларымыз атал-

мыш мемлекеттегі игі істерден неге үлгі алмайды екен деген ойға қаласын. Бірақ, олар «Азия жолбарыстарының» тіл саласындағы өрелі істерін көрсе де, көрмегендей сыңай танытады. Ұлт жанашыры Мұхтар Шаханов: «Оларға мемлекеттік тіл мүлдем керек емес еді...» демекші, шынында да кей ағаларымызға туған тілдің құны - көк тиын секілді.

«КАК ДЕЛА, КЕЛІНЖАН?»

Қоғамда бауыр еті баласына туған тілдің қадір-қасиетін ұғындырмайтын «ұлтсыздар» бар. «Е, қойшы, балам ер

жетіп, нан таба алатын жағдайға жетсе болды. Қалғанында шаруам жоқ» деп кеуде қағып жүрген қандастарымызды көріп жүрміз. Жастарға үлгі-өнеге танытып, ақыл айтар кей ата-әжелеріміздің сиқы анау. Той-томалаққа барса болды «маған кәмпит жетпей қалды, қолыма бір жапырақ қана ет тиді» деп болмашыға бұртиып, отырған жерлерінде бүлік шығарады. Жуырда Павлодар-Кенжекөл бағыты бойынша қатынайтын қоғамдық көліктегі екі ақсақалдың әңгімесін тыңдадым. Біреуі Ресейдің Новосібір облысынан Ертістің Павлодар өңіріне көшіп келген екен. Екіншісі - Баянауыл ауданының Егіндібұлақ деген елді мекенінің азаматы. Баянауылдық ақсақал: «Мен қасиетті Баянауыл жерінің топырағында дүниеге келгем. Қазақтың тілін, дінін, салт-дәстүрін құрметтеуді менен үйрен» деп әлгі ақсақалға бүркітше шүйліп алыпты. Ресейлік қандасымыз ақсақалдың айтқандарына: «Жат жерде жүрсек те, қазақ тілінің қадір-қасиетін түсініп, салт-дәстүрімізді дәріптеп өстік» деп өзінше жауап қайыруда. Сол мезетте баянауылдық азаматқа біреу телефон

шалды. Сірә, келінімен сөйлескен болуы тиіс. Сондағы айтқаны мынау: «А, как дела, келінжан? У нас все нормально. Вот, домой еду. Ладно, потом, по позже перезвоню». Әлгі ақсақалдың сүрінген жері осы болды. Бағанадан бері елім, жерім деп кеуде керіп отырған азаматымыз, туған келінімен өзге тілде сөйлесті. Ашуға басқан Ресейден келген ақсақал «келін-балаңа беріп отырған тәрбиеңнің сиқы мынау ма?» деп дүрсе қоя берді. Әлгі ақсақал: «Енді не істеймін. Әжем орыс. Сондықтан орыс тілі қанымызға сіңіп кеткен» деп ақтала жауап қайтарды. Шыдай алмай, орнымнан атып тұрып, шет елден келген қандасымыздың қолын қыстым. Ұялғаны болар, әйтеуір баянауылдық қартымыз келесі аялдамада автобустан түсіп қалды...

Иә, мұндай мысалдар күнделікті өмірде көп кездеседі. Айтқан сөзі мен істеген ісі бір-біріне жанаспайтын адамдарға қарап танданасын. Жығылып жатып, сүрінгенге күлгеннің күні осы болар...


Ф. ӘМІРЕНОВ,
Жур-201 тобының студенті.

Мемлекетшелдік сана

10

ЕНДІ БІР
МЫҢ
ЖЫЛДАН
СОН,
БӘЛКІМ...

*Жуырда аудан орталығы
Көктөбеде Семей ядролық
сынақ полигоны салдарынан
зардап шеккен аумақтарды
ауыл шаруашылығына
қайтару керек пе? деген
сауалға жауап ізген келген
экологтармен кездесу өтті.*



Жиынға «Экофорум» қоғамдық ұйымының орталық кеңесінің мүшесі Қайша Атаханова, Семей қаласындағы «Ирис» қоғамдық бірлестігінің өкілі Гүлсім Көкімжанова, «Экофорум» қоғамдық ұйымының Павлодар облысындағы өкілдігінің төрайымы Светлана Могилюк, Қазақстан жастар экологиялық жүйесінің өкілі Мария Курникова және ауыл тұрғындары, атқарушы орган басшылары қатысты. Кездесуді аудан әкімінің орынбасары Мнарабек Аханбаев жүргізіп, келген мамандардың мақсатын қысқаша баяндап берді.

Өздерінің айтуынша, қоршаған ортаны қорғау мақсатында жұмыс істеп жүрген қоғамдық бірлестіктер өкілдері СЯСП (Семей ядролық сынақ полигоны) аумағына өте жақын орналасқан, жерінің 39 пайызына атом, сутегі бомбалары сыналған елді мекен тұрғындарының осы мәселеге қатысты көзқарастарын білуге келген көрінеді.

Бәзбіреулердің халық пікірімен санаспай, «осы сынақ алаңындағы «Опытное поле» мен «Ча» деп аталатын екі аумақтан басқа жерлерді ауыл шаруашылығына пайдалануға беруге болады» деген шешім қабылдап қойғандығын хабарлады. Курчатова қаласындағы Ұлттық ядролық орталығының (директоры К.Қадыржанов) мамандары 2008-2009 жылдары Ертіс өзенінің сол жағындағы ауданы 3000 шақырым жерді зерттеп, осындай қорытынды жасапты.

- Жерді ауыл шаруашылығына беру керек пе? деген сауал Астанада, немесе тек қана биліктегілер бас қосқан кабинеттерде ғана талқыланып кетіп қалса, Керісінше, шешім қоғамдық пікірді назарға ала отырып қабылдануы қажет. Бұл біздің ортақ қасиетіміз, ортақ жеріміз, ортақ мәселеміз. Ұлттық ядролық орталық мамандары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасап, «СЯСП аумағына жататын жерлердің басым бөлігін шаруашылыққа қайтаруға толық негіз бар» деп өздері жасаған зерттеу нәтижелерін дәлел ретінде алға тартып отыр. Көлемі бір монография боларлықтай құжат әзірлеп, Үкіметке осындай мәлімдеме жасады.

Егер осы жерлерді ауыл шаруашылығына пайдалануға рұқсат берілетін болса, осы өңірдің қазба байлықтарын игеруге де жол ашылады деген сөз. СЯСП аумағындағы жерлерде Менделеев кестесіндегі химиялық элементтердің түгелге дерлігі бар екені мәлім. Көбінің көз тігіп отырғаны да осы қазба байлық.

Бұның экологиялық, экономикалық пайдасы қандай? Жерді игеру барысында жергілікті тұрғындар денсаулығына еш қауіп төнбейді деп айта аламыз ба?! Мыңдаған жылдар бойы ыдырамайтын, аса қауіпті элементтер болатындығын білеміз. Ал осы элементтер қайда кеткен?! Осы жерлерге көкөніс салып, мал баққан жұрттағы бір қасіретке ұшырамасына кім кепіл?! Біз жуырда Ұлттық ядролық орталығы бас директорының орынбасары С.Лукашенкоға, атом энергетикасы саласында жұмыс істеп жатқан мамандарға жолығып, осы сауалдарды қойдық. Олар алаңдауға ешқандай негіз жоқ екендігін айтты. Алайда олар 2006 жылға дейінгі зерттеулермен, 2008-2009 жылдарғы зерттеулер қорытындыларының қарама-қайшылығын түсіндіре алмады. «Бұған дейінгі зерттеу жұмыстарына жауап бере алмаймыз. Соңғы зерттеу қорытындыларына сәйкес СЯСП аумағына жататын жердің көп бөлігі қауіпсіз болып шықты. Демек, бұл жерлерді ауыл шаруашылығы үшін пайдалануға болады» дейді бір топ ғалымдар.

Бұл ғалымдардың тәуелсіз ғалымдар емес екендігін естен шығармауымыз қажет. Жердің «тез арада тазарғандығын» олар бізге емес, сіздерге, осы жерлерде тіршілік етіп отырған қарапайым жұртқа дәлелдеуі керек еді. Өкінішке орай ол дәлелдердің шындағы да күмән тудырады.

Мәселен, АҚШ-та атом қару сыналған жерді шаруашылыққа пайдаланбақ түгіл, жақын маңда мекендеуге тыйым салынған. Ядролық қару сыналған көрікті жерлерді Ұлттық парктарға айналдырған. Онда тек тамашалауға ғана рұқсат беріледі, жүріп-тұру уақыты да шектеулі.

Бүкіл әлемде бірінші болып Қазақстан ғана ядролық сынақ жасалған жерлерді ауыл шаруашылығына пайдалануға беру мәселесін көтеріп отыр. Бұл іс әлемдік қауымдастық алдындағы беделімізге қалай әсер етері белгісіз», - деді Қ.Атаханова.

- 2 күн бұрын біз Семейде кездесу өткіздік. Халық СЯСП салдарынан зардап шеккендерге біржолғы жәрдемақының дұрыс төленбегендігін, еңбекақы мен зейнетақыға қосымша төленетін үстемеақы мөлшерінің аздығын, медициналық көмектің талапқа сәйкес келмейтіндігін жеткізді.

«Бұл жерлерді пайдалануға болмайды. Қазақстанда жер жеткілікті. Сондықтан Үкімет осы жерлер-

де тұратын халықтың әлеуметтік жағдайын, денсаулығын жақсартуды ойласын» дейді.

Алдағы уақытта Астанада министрліктердің өкілдері, эколог-ғалымдардың қатысуымен дөңгелек үстел отырысы өтеді. Осы кездесуде сіздердің айтқан ой-пікірлеріңізді биліктегілерге жеткізетін боламыз, - деді Г.Көкімжанова.

Жиында сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Ахметжанов: «Радиация құшағында жатқан жерлерді ауыл шаруашылығына қайтару үшін әлі де мың жыл тосуымыз қажет. Химиялық элементтердің ыдырауы ұзақ жылдарға созылары белгілі. Сондықтан бұл мәселені талқылауға әлі ерте, жерді пайдалануға болмайды» десе, еңбек ардагері Әлмырза Ахметов: «80 жыл осы ауданда өмір сүріп келемін. Жарылыстарды көрген бірінші ұрпақ ортамызда жоқ. Екінші ұрпақ та жыл өткен сайын сиреп барады. Халық саны да тым азайып кетті. Ауданда он мыңнан астам ғана халық қалыпты.

Тіпті, осы жерлерді ауыл шаруашылығына берген күннің өзінде, жергілікті фермерлер сынақ жасалған жерлерге аттап баспайды. Себебі бір күн болсын ұзағырақ өмір сүргілері келеді. Ертерек кезде жұмыс бабымен СЯСП аумағын сан мәрте аралап көрдім.

Мәселен, біздің саудаға қойған етіміз қайдан екенін білген өзге адамдар, оны сатып алу үшін қолына да ұстамайды.

Ғалымдардың зерттеулеріне таңданбасқа лаж жоқ. Зерттеу қорытындыларына сену қиын. Халық тұрмысы төмен, мемлекеттің мардымсыз көмегі біреуге берілсе, біреуге берілмейді. Жыл сайын мүгедек боп туылған сәбилерді асырап отырған жұрттың ішінде отырып СЯСП салдарынан радиациялық ластануға ұшыраған жерлерді ауыл шаруашылығы немесе өзге де қажеттіліктер үшін пайдалануға беру керек деген шешімге қосыла алмаймын» деді.

Жарылыстарды көзбен көрген ақсақал Қадыр Әмірханов та жерді пайдалануға түбегейлі қарсы екендігін мәлімдеді.

Аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы Серік Бакауов: «Ақжар, Май сынды ең жоғары радиациялық ластануға ұшыраған елді мекендердің тұрғындарына талай түсіндіріп айтсақ та, жергілікті жұрт малын осы қауіпті аумақта бағып отыр. Заңды түрде шаруашылықпен айналысуға тыйым салынғанымен, ауыл тұрғындары да мал ұстап отыр

ғой. Осы жерде бір мәселенің бетін ашып алуымыз қажет. Біз жерлерді заңдастырып бере алмаймыз. Алайда халыққа өмір сүруге болады, бірақ мал шаруашылығымен айналысуға болмайды дегенді қалай түсінуге болады?!» деп ортаға сауал тастады.

Аудандық мәслихат депутаты Қайыржан Ахметов аудан тұрғындары бүгінгі күнге дейін толық медициналық тексерістен өтпегендігін, радиация әсерінен пайда болатын ауруларды ерте анықтау мақсатында ешқандай іс-шаралар қолға алынбай отырғандығын, ауданда мүгедектердің жыл сайын артып келе жатқандығын, олардың басым бөлігі жастар екендігін мәлімдеп, Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаев қол қойған СЯСП салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы заңның қабылданғанына 19 жыл өтсе де, заң толық орындалмай отырғандығын айтты.

Елбасы Н. Назарбаевтың бастамасымен «Дипломмен ауылға» бағдарламасы қолға алынды. Алайда осы мақсатта бөлінген бюджет қаражаты толық игерілмеуде. Осы полигоннан үрейленген жастар ауылда еңбек етуден қорқады. Ертең шаңырақ көтеріп, дүниеге келген сәбилері мүгедек болып тумасына кім кепіл?! Аудандағы ауыр ахуалды көргендер тезірек көшіп кетуге тырысары анық. Алайда ата-бабасының сүйегі жатқан жерді қимай, әлі де болса ауданның көркейеріне үміттеніп тіршілік етіп отырған отбасылар қаншама?

Ауданда бірде-бір іргелі өндіріс ошағының жоқтығына да СЯСП әсер етіп тұрғаны даусыз. Шетелдік инвесторлар нәліктен Май ауданына аяқ баспайды? Себебі олар радиацияның әсерін, оның зияны мен зардабын біледі. Біз де білеміз. Бірақ шарасызбыз. Ауылдан көшіп қайда барамыз. Қай жерді паналаймыз. Ит-құсқа жемтік болғанша, азын-аулақ малың ұстап, Аллаға сыйынып күнелте бергенді артық санайды біздің қазақ.

Елге сор боп жабысқан, 40 жыл бойы күндіз-түні көрген қорқынышты түстен құтылдық па деп отырғанда, қайтадан қара бұлт төндіру кімге қажет? Жерге сыймай жүрген қазақ жоқ. Жерімізге деген қызғанышы кеудесіне сыймай жүрген жауларымыз бар шығар. Ал осы ядролық қару сыналған жерді қашан пайдаланамыз? Енді бір мың жылдан соң, бәлкім...

М. ҚЫЗЫРҰЛЫ.



ПРИЗНАН ЛУЧШИМ!

В число трех лучших музеев вузов Республики наряду с музеями КазНУ им.аль-Фараби и КазГЮА вошел и музейный комплекс ПГУ им.С.Торайгырова. Такое решение принял оргкомитет Международного Форума «Музей как феномен истории и современности», который проходил во второй декаде мая в рамках празднования 20-летия Независимости в Астане.

Организаторами Форума выступили этно-мемориальный комплекс «Карта Казахстана «Атамекен»» и Акимат Астаны. Участниками Форума были представители музеев нашей страны, стран СНГ, Турции. В режиме on-line музей Казахстана и России представляли свою деятельность по сохранению и преумножению историко-культурного наследия. Работу ПГУ в этом направлении представляла директор музейного комплекса университета Г.Х.Рахимжанова, сопроводив выступление красочным слайд-шоу.

Культурная программа форума включила в себя также закладку участниками «Аллеи музееведов», посещение площади «Отан қорғаушылар» и возложение цветов к «Вечному огню», экскурсию в Музей Первого Президента и в Президентский Центр культуры, монумент «Байтерек», Музей современных искусств и «Музей С.Сейфуллина». Форум завершился праздничным фейерверком и концертом, посвященным Международному Дню музеев.

Надо отметить, что звание номинации «Лучший музей высшего учебного заведения» оспаривали 27 вузовских музеев. Организаторами было отмечено тот факт, что музейный комплекс ПГУ им.С.Торайгырова, представляющий большое разнообразие экспозиций и широкий коллекционный фонд, был создан в сравнительно короткие сроки и является следствием активной политики руководства в сохранении и пропаганде историко-культурного наследия. Как итог работы Форума была принята резолюция о создании Ассоциации музеев Казахстана.



Лязиза апайымыздың жеке заттары Кереку өңірінде



С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Л.Серғазина атындағы Баспасөз орталығы үлкен қуанышқа кенеліп отыр. Қазақтың тұңғыш журналист қызы Лязиза Серғазина өз соңынан зор мұра қалдырып кеткен еді. Алматыға арнайы іс сапармен барған Телевизиялық оқыту орталығы директоры Жүсіпов Аслан Лязиза апайымыздың жеке заттарын – 1943-1956 жылдары аралығында жазған күнделігін, құжаттарын, тағы басқа құнды дүниелерін Павлодарға жеткізді. Ондағы мақсат – Л.Серғазинаның құрметіне мұражай экспонат ашу. Бұйыртыса, маусым айының 22 жұлдызында аталмыш музей экспозиция ашылады. Қазір қарқынды дайындық әрі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Осы іске түрткі болып, анасының заттарын көзінің қарашығындай сақтап, біздің қызметкерге аманаттап тапсырған Сәрсенбаева Райхан Әбуқызына университетіміздің басшысы Ерлан Арын зор алғысын білдірді.

«КІМ ЖАЗЫҚТЫ?»

Қазақтың ақиық ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың киелі Зайсан жерінде жазылған «Кім жазықты» өлең-романының тарихын көбіміз біле бермейміз. Өзім Зайсан жерінің тумасы, әрі Сұлтанмахмұт ақынның өлеңдерін бала кезден құмартып оқығандықтан, ақынның романы жайлы біраз дерегін жинадым.

ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛДЫ?

Жыл сайын жазғы демалыс кезінде сонау Павлодардан ауылға ат терлетіп ағам келеді. Келіп, аунап-қунап, ауылдың тірлігіне көмектесіп қайтады. Ағам – нағыз қаланың баласы. Қалада дүниеге келді, оқыды, білім алды. Павлодар – Солтүстік Қазақстанның қаласы ғой, қаракөз қазақ ағайындылардан гөрі орыс ұлтының басым екені рас. Бірақ оны қаланың баласы деуге мүлде қимайсың. Сегіз серінің ұрпағы, домбыраның құлағында ойнайтын суырыпсалма ақын ағам қазақ десе, қазақ тарихы десе, қазақ дәстүрі десе, ішкен асын жерге қояды. Мамандығы – журналист. Өнер-білімге құштар ағам екеуіміз ол ауылға келгеннен бастап әдебиет саласындағы соңғы жаңалықтар жайлы, туған өлкеміздің табиғаты жайлы пікір алмасамыз. Кешкі дастархан басында небір ақын-жазушылар, атақты адамдар жайлы айтып, өлең-жырлар, ән, домбыраның үні дейсіз бе, әйтеуір өңгіменің көрігін қыздырамыз. Сондай күндердің бірінде ағам Сұлтанмахмұт Торайғыровтың Зайсанда болғандығы жайлы тілге тиек еттім. Ағам өлең етті. Бұл мәліметті қайдан алғанымызды сұрап қоярда қоймады. Оған бұл жайлы тек естігенім туралы нақты дерек аудан орталығындағы мұражайда екенін және ақын тұрған үйде Зайсан қаласында әлі де бар екенін айттым. Ертеңінде анам, ағам және мен аудан орталығы Зайсан қаласына бет алдық. Анам қаланың қызы болғандықтан, бұл жайлы жақсы білетін, сондықтан Сұлтанмахмұт Торайғыров тұрған үйге еш қиындықсыз бізді ертіп апарды. Үй иесін қалай табамыз деп тұрғанда, сол маңда жүрген орта бойлы, жас шамасы қырықтарда болуы керек ер адамнан сұрадық. Іздегеніміз оңай табылып, жаңағы ер адам үй иесі болып шықты. Сұлтанмахмұт ақын жайлы мәлімет іздеп жүргенімізді білгеннен кейін ол кісі біздің қойған сұрақтарға тыңғылықты жауап берді. Шынында бұл үйде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың

тұрғанын, үйдің іші-сыртына онша көп жөндеу жұмыстарын жүргізбегендігін айтты. Ақын тұрған үй сол баяғы қалпын сақтаған, әрі сүйкімді. Айналасы жасыл-желек оранған, тап-таза. Үйді өз көзімізбен көріп, сұрағымызға жауап алғаннан кейін, ақынның Зайсан жерінде болуын нақты мәнісін білу мақсатында мұражайға бардық. Мұражайда Мәкеш Әукебаев деген ағамыздың мақаласынан тың деректер табылды. Ақынның Зайсан жерінде болуы «Кім жазықты?» атты өлеңді-романның жазылуымен тікелей байланысты болып шықты. «Кім жазықты?» романы Зайсан қаласында 1915 жылдың шамамен айқанда наурыз-сәуір айларында жазылған. Романның жазылу тарихы бар. 1915 жылы Зайсан қазақ орта мектебінде мұғалім болып істейтін Хафиз деген жігіт өз естелігінде былай депті: «1915 жылы наурыздың бас кезінде мұғалімдер бөлмесіне бір жас жігіт кіріп келді. Амандасып, аты-жөнімізді сұрасқаннан соң, оның Сұлтанмахмұт екенін білдік», - дейді. Оқиға былай болыпты.

1914 жылы Сұлтанмахмұт орыс мектебіне түсемін деп оқығысы келеді, алайда ол ойы жүзеге аспай Алтай елінің, яғни қазіргі Қатон-Қарағай ауданына келеді. Ақынның мұнда келуіне себепші болған Алтай елінің Әбдікерім Ережепұлы дейтін болысы. Балаларын орысша да, қазақша да оқыта бастаған Әбдікерім Сұлтанмахмұт Семейде танысып, өз ауылына ертіп келеді. Өйткені осы кезде жаңа нисамға сәйкес хат білмейтіндіктен салдарынан әкімдіктен айырыла бастағандар балаларын орысша оқыта бастаған. Ақын мұнда бос жүрмейді. Бала оқытады. Петька деген орыс жігітінен айына 7 сом төлеп орысша үйреніп, орысша оқыған. Бірақ Сұлтанмахмұт бұл жерде ұзақ тұрақтамай, қыс ішінде кетіп қалады. Себебі ақын Әбдікерім байдың қызы Багиланы ұнатып қалады. Қыз

да ақынды сүйеді. Сұлтанмахмұт Әбдікерімнің өзі сияқты салт жігітке қызын оңайлықпен бермейтіндігін сезеді. Сөзе тұра тәуекелге бел буып, Әбдікерімге Багила екеуінің бірін-бірі сүйетінін айта....

Ал Әбдікерім болса күтпеген жерден қызын айттырған жеріне тез аттандырып жібереді. Ақын соққыға төзе алмайды, қуғын-сүргін көреді. Сөйтіп сүйген қызына қоштасып Алтай елінен біржолата кетуге мәжбүр болады. Ақынды сүйген Багила кетерінде оған кестеленген орамал сыйлапты. Кестелі орамалда:

Бұл мамытым ал еске,
Жүрегім сізден көшпеске,
Достың жібін шешпеске,
Күннің нұры сөнгенше,
Қараңғылық көмгенше,
Махаббат оты сөнгенше – деген ғашықтық өлең бар екен. Дәл осылай қақаған қыста сонау Алтай тауларынан Зайсанға дейін ұзақ жолда, шаңада келе жатқан Сұлтанмахмұт ауыр толғаныс пен сезімдер арпалысында еді. Бойын билеген ыза мен кек оған жай таптырмайды. Ар-намысын, махаббатын қорлаған адамнан қалайда қарымта қайтаруға асығады. Сенер қаруы – тек қаламы. Зайсан қаласына келіп, Мауыт Шамсутдинов деген татардың бір бөлмесін жалдап алып, күндіз-түні дала бетін көрместен ақ қағаз бен сияны серік еткен Сұлтанмахмұт өлеңді-романды жазуға шұғыл кірісіп кетеді. Мауыт қарттың үйі деп отырғанымыз жоғарыда біз айтқан үй, яғни Желтоқсан мен Шегіров көшесі түйіскен жер. «Кім жазықты?» екі айда жазылып бітеді. Дәл сол кезде тұспа-тұс 1914 жылы қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш роман бәйгесі жарияланған болатын. Сұлтанмахмұт та осы бәйгеге қатыспақ ниетте, «Кім жазықтыны» тезірек бітіріпті. Екінші рет көшіруге үлгермеген ақын «Кім жазықты?» романының қолжазбасын бәйгеге

жібереді. Бәйгеге жіберген нұсқасы жойылып кетеді. Мұны роман толық аяқталмағандықтан деп айтқандар да болған көрінеді. Бірақ «Кім жазықты?» толық аяқталмаған.

Сұлтанмахмұт өзі өмір сүрген қоғамның ащы шындығы басынан өткен жағдайларды романда ашық жазды. Бұл жағдайда кімнің кінәлі екенін халық өзі екшеп, таразылап алсын, халық шешсін деген ниетпен роман «Кім жазықты?» деп аталғаны сол себепті.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – күрескер ақын. Қашанда елін, жастарды оқу білімге шақырды, алға жетеледі. Оның «Қамар сұлуы» мен «Адасқан өмірін» тебіренбей оқу мүмкін емес. Заманнан озық туған ақынның әрбір шығармасы тұнып тұрған ақыл көзі, ақындықтың шебер үлгісі. Қазақ поэзиясы мен прозасын әлденеше лирикалық өлеңдер, ондаған мақала, екі роман, бес-алты поэма беріп, жаңа сатыға көтерген Сұлтанмахмұт Айбайдан кейінгі ірі суреткер, реалист ақын.

Мұражайдан шыққан соң, ақын тағдыры бізді бір сәт ойлантай тастады. Өлі күнге дейін аудан орталығына барсам, осы бір жайт ойыма оралады. Қазір Зайсан қаласында ақын есімімен аталатын көше бар. Алаштың аяулы азаматы, арда ақын, өр ақын:

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып күн болам,
Қараңғылықтың көгіне,
Күн болмағанда кім болам?

- деп жырлаған. еліне ізгіліктің нұрын шашқан, небәрі 27 жыл ғана ғұмыр кешсе де, артына өшпес із, мол мұра қалдырып кеткен С.Торайғыровтай ақынның Зайсан жерінде болуы менің бала көңіліме ерекше әсер етті. Болашақта әрбір Зайсандық азамат ақынның Зайсан жерінде болғанын кейінгі ұрпаққа зор мақтанышпен айтып жүретіндігіне мен шын жүректен сенімдімін.

А. ШАЙМАРДАНОВА.

ЗВУЧАШИЙ ТАНДЕМ

Девушки широко известны в нашем городе. Любовь к музыке никак не связана со специальностью сестёр: Дина и Кристина, закончив наш университет, работают на алюминиевом заводе операторами ЭВМ. Но технари снаружи - лирики внутри. Тернистый путь сестёр к проекту начался ещё в октябре, в период, когда автобус со съёмочной группой и жюри разъезжал по городам Казахстана в поисках будущей звезды. В строгое судейство вошла народная артистка Казахстана Нагима Ескалиева, композитор и музыкант Александр Шевченко и продюсер Султана Каражигитова. Именно они по достоинству оценили потенциал Журабековых, предоставив им путевку на участие проекта.

- Самое сложное для нас - это были кастинги. Волнение, пройдем - не пройдем было постоянным. Но всё равно в душе была уверенность того, что всё будет хорошо, - делятся впечатлениями Дина и Кристина.

Оставшийся позади кастинг сменила жизнь на проекте. Несмотря на то, что концерт идёт только по субботам, все будни участники работают в поте лица.

Каждый казахстанец, наблюдавший за масштабным отечественным проектом X-ФАКТОР, знает экс-участниц, сестёр Журабековых из группы DeeCree. Это первый казахстанский дуэт близняшек.



Причём творчество перемежалось с элементарным бытом. Даже будущие звёзды должны что-то есть и на чём-то спать.

- Продукты и жильё нам были предоставлены организаторами проекта. Но кашеварили мы уже сами. Ни у кого из ребят не наблюдался синдром «звёздности», поэтому никаких конфликтов на бытовом уровне не возникало, - с улыбкой рассказывают девушки.

Общение с людьми, у которых одна цель - выиграть проект и получить 10 миллионов тенге, априори, должно быть конкурентным. Но, как делятся DeeCree, даже на сцене не было такого чувства. Все поддерживали друг друга, как могли.

Но будни буднями, а проект набирал обороты. По условиям конкурса зрительское голосование решает, кто останется на проекте, а кто вынужден будет уйти. На одном из выступлений сёстрам Журабековым огласили результат набранных ими голосов, означавшие, что девушки возвратятся домой. В течение проекта в «опасной зоне» частенько оказывались те, кто считался сильным соперником. По мнению Дины и Кристины, зрители при голосовании оперируют тем, что «сильные» в любом случае наберут высокий процент голосов, поэтому голосовали субъективно.

- Каких-то обид на проект нет, - говорят сестры. - Мы показали себя, нас знает вся страна. Это тоже, своего рода PR-кампания. Мы не стоим на месте, продолжаем работать на нашей основной работе и заниматься музыкой.

Д. ЖУМАНОВА.



ПМУ-дың сылқым еркелері — «Ақ ерке»

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті сіз қырлы бір сырлы, дарынды жастарға толы. Солардың бірі — ПМУ-дың сылқым еркелері «Ақ ерке» ұлттық би студиясы. «Ақ ерке» жайында білу үшін, Новосібірдегі «Мәдениет және өнер» училищесін, кейін Алматыдағы Абай атындағы қыздар педагогикалық институтының хореография факультетін тәмамдаған хореограф, «Ақ ерке» ұлттық би студиясының көркемдік жетекшісі Даурбаева Айгүл Рамазанқызын әңгімеге тартқан болатынбыз.

- Айгүл Рамазанқызы, «Ақ ерке» ұлттық би студиясы қашан құрылды?

- Университеттің филармониясы 2001 жылы ашылса, «Ақ ерке» би студиясы одан ерте университет ішіндегі ұйым ретінде 2000 жылы құрылған болатын. Филармония өз жұмысын бастағанда, мақсатымыз бір — университет дарындарын іздеу, жастардың шығармашылық белсенділігін арттыру болғандықтан, бірігіп жұмыс істеуді мақсат тұтып, қазіргі уақытта соның жемісін көреміз.

- «Ақ ерке» деп атау себебі?

- Қазақ халқы ежелден бері ат қоюға ерекше көңіл бөлген. Біз сол дәстүрді ұстана отырып, көп ойланyp, «Ақ ерке» деп атауды жөн санадық. «Ақ ерке» дегенде ойға қазақтың сүттен ақ, судан таза, пәк, нәзік, сылқым ерке қызы көз алдына елестейді. Сол себепті біз тобымыздың мың бұралған қыздары қазақ қызының образын сомдасын деген ниетпен қойдық.

- «Ақ еркенің» жетістіктері?

- 2003, 2007 жылдары студент жастарының Облыстық «Ертіс жұлдыздары» фестивалінде гран приді жеңіп алдық. 2008 жылы Қазақ биі бойынша Облыстық «Ертіс толқыны» сайысында II орын, 2007 жылы Талдықорған қаласында өткен Қазақстан студент жастарының 7 республикалық «Жас толқын» фестивалінде I орын жеңіп алсақ, 2008 жылы Астана қаласында өткен Халықаралық шығармашыл жастар «Шабты» фестиваліне барып, дипломант атандық. 2006 жылы «Ақ ерке» «ұлттық» деген атау беріліп, бұл біздің еңбегіміздің ең басты жемісі.

- Репертуарыңыз қандай?

- Репертуар үлкен әрі түрлі бағытта келеді. Ұлттық бимен қатар, әлем ұлттарының билерін билейміз. Нақты тоқталып кететін болсақ, қазақ, испан, қыған, шығыс, өзбек ұлттарының биін орындаймыз. Эстрадалық билермен қоса қазіргі заманауи ағынға сай, еркін пластикадағы билерді де көрерменге ұсынамыз.

- Айгүл Рамазанқызы, би өнерінен біліміңізді ұштап, жетілдіріп отырасыз ба?

- Мен ұстаз-хореограф болып жұмыс істегеніме 15 жылдай уақыт болып қалды. Әрине, мен үнемі ізденіс үстіндемін. Новосібірге, Алматыға түрлі мастер класстарға, семинарларға жиі барып тұрамын. Негізінен қазақша материал керек болғандықтан, көбінесе Алматы жаққа барамын.

Сонымен бірге, университет базасында жарты жылда бір рет Квалификацияны көтеру кафедрасымен бірлесіп, семинар, мастер клас, арнайы курстарды өткіземіз. Оған біз Мәдениет үйінен, басқа да мекемелерден, мектептерден, облысымыздың аудандарынан, мәселен, Баянауыл, Ақтоғай, Май аудандарынан ұстаз-хореографтарды шақырамыз. Бұл іс мен үшін өте қызықты. Себебі біз би өнерінің қыр-сырын меңгеру үшін, аты шыққан, белгілі би шеберлерін шақыруға тырысамыз. Мысалы, ҚР Халық әртісі, Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының Хореография факультетінің аға оқытушысы, доцент Айгүл Әбікенқызы Тати

болды бізде. Айгүл Тати қазақ биінің ең күшті, ең мықты шебері болып саналады. Сонымен бірге, ҚР Халық әртісі, Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының ұстаз-хореографы Ерболат Асылғазин те келіп, классикалық биден сабақтар өткізіп, жастарға, балаларға үйретудің ұтымды әдістемесін көрсетіп, үйретті. Осы күзге Шымкент Мәдениет институтының ұстаздарын шақырып, семинарлар өткіземіз деген жоспарымыз бар.

С. НЫСАНБЕКОВА.



Құрылтайшы — С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор

Қ. Хашымқызы
Тіпшілер
С. Нысанбекова
А. Анарбекова
Д. Жуманова
Н. Исабекова
Көркемдеуші-беттеуші
Н. Яницкая

Ақылдастар алқасы:

Е.М. Арын
М.Х. Рақымжанова
Р.М. Таштемханова
Ж.Т. Сарбалаев
Н.А. Байгенже

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1858-Г куәлігі берілген (02.04.2001)
Газет С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің "Білік" газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Таралымы 1500 дана.

Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды.
Павлодар қ., Ленин к., 143 үй
тел.: 61-80-31

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64, 427А - кабинет.

Байланыс тел/факс: 67-36-48

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Тапсырыс № 945